

Мақтарал аграрлық колледжі қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысы

ХАТТАМА №3

03.01.2018 ж.

Қатысқандар: 10

Күн тәртібі:

1. Колледж директорының білім беру қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы жөнінде және қайырымдылық көмектің жұмсалуды жайлы есебі.

Мақтарал аграрлық колледжі қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қ.Мырзакулов кеңес мүшелерін күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Қамқоршылық кеңестің мүшелері оқушылар құқықтарының сақталуын бақылау мақсатында 24.11.2017ж. өткізілген педкеңеске және 29.11.2017ж. сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы ақпарат беру мақсатында өткізілген бірыңғай сағатына қатысқанын айтты. Сонымен қатар қамқоршылық кеңес мүмкіндігіне қарай колледждегі атқарылып жатқан шараларға көмек көрсетіп жүр. Қамқоршылық кеңестің бүгінгі отырысында келісілгендей екі ай ішінде атқарылған жұмыстар есебі тыңдалады.

Колледж директоры Н.Ділдабеков колледж директорының білім беру қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы жөнінде және қайырымдылық көмектің жұмсалуды жайлы есеп берді. Колледжде әлеуметтік-мәдени, сауықтыру бағыттарындағы іс-шаралар жүйелі түрде өткізіліп жатты және қамқоршылық кеңес мүшелері ұйымдастырған. Қыркүйек айында жатақханада тұратын 80 оқушыға құдайы ас берілді, қарашаның 3-ші жұлдызында әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушыларға көмек көрсету мақсатында өткізілген «Жүректен-жүрекке» қайырымдылық акциясына қамқоршылық кеңестің мүшесі ретінде қатысқан Ж.Нұртазин өз үлесін қосып, 5 оқушы қыстық киіммен қамтамасыз етілді, колледж фойесіне гүлдерге арналған 3 дана тұғырлық жасалынды, 27-ші қазанда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткен «Өнерлі ұрпақ – кемелді болашақ» атты шығармашылық жұмыстар конкурсының жеңімпаз болған екі командаға 10 мың теңге сыйақы бөлінді, «Жануарлар анатомиясы» кабинетіне екі стенд жасалды және терезесіне жалюзи алынды, «Ветеринария» мамандығы бөліміне 5 қоян және жануарларға арналған 1 тор алынды, колледж ауласы топырағын тыңайтуға арналған 20 тонна тыңайтқыш, 7-шы желтоқсанда оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу мақсатында колледжішілік волейболдан өткен біріншіліктің жеңімпаздарына заттай сыйлықтар берілді, жаңа жылға оқушыларға арналған 10 сыйлық берілді. Колледж директоры Н.Ділдабеков кеңес мүшелеріне мәдени-әлеуметтік шараларға көмекті ақшалай да, заттай да беріліп жатқанын атап өтті.

Қамқоршылық кеңес мүшелері колледж директоры Н.Ділдабековтың есебін қанағаттанарлы деп қабылдады.


Кеңес төрағасы Қ.Мырзақұлов алдағы уақытта колледждің әлеуметтік-мәдени, сауықтыру бағыттарындағы іс-шараларды ұйымдастыруға көмек көрсету жалғасын табатынын айтып, кеңесті қорытындылады.

Қаулы:

1. Колледж директорының білім беру қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы жөнінде және қайырымдылық көмектің жұмсалуды жайлы есебі қанағаттанарлы деп есептелсін.
2. Колледждің әлеуметтік-мәдени, сауықтыру бағыттарындағы іс-шараларды ұйымдастыруға көмек көрсетуді жалғастыру.

Төрағасы:

Хатшы:



Мырзакулов Қалжан Кулмуратович

Г.Хасанова

Мүшелері:

1. Нуртазин Жауқаш
2. Нуржанов Талғат Усмәналиевич
3. Жуманов Бақыт
4. Сейфуллаев Қалмурат Шақарович
5. Алтынбеков Қазыбек Маханбетович
6. Ботабеков Махан
7. Копжасаров Сундет Дарменбаевич.

